

FTAХР 17.82

Қ.Б. Күдерінова¹

¹Сулейман Демирел университеті

Алматы қ., Қазақстан

«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» 1-КІТАБЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК КІЛТ

Аңдатпа. Мақалада қазақ сөз зергері М.Әуезовтің «Абай жолы» тарихи туындысының алғашқы кітабының тіл көркемдігіне талдау жасалады. Тіл көркемдігі деп қазіргі ешбір сөздіктерде тіркелмеген, не сөз тіркесі, не тұрақты сөз тіркесі, не идиома, не болмаса архаизм, историзм, я диалектизмдер болып табылмайтын тұрақты оралымдардың қолданылу стилін алады.

Автор қазіргі көркем мәтіндердегі кодталған осындай сөздердің мағынасы бүгінгі жас оқырмандарға түсініксіз болғандықтан оқылмай кететініне және сондықтан классикалық шығармалардың оқылмай бара жатқанына назар аудартады. Сол себептен мәтінде кодталған тарихи-мәдени сөздердің мағынасын контекст арқылы аша отырып, оқырманның эстетикалық санасын оятудың жолдарын қарастыруға шақырады. Әлеуметтік-бұқаралық сананы қалпына келтіру жоларын қарастыруды алға қояды. Бұл түптеп келгенде қазақ тілінің жаппай қолданыс табуына бастайтын іс екендігін болжайды.

Кілт сөздер: тіл, стиль, өнер, сөйлеу, әдебиет, эстетика.

Аннотация. В статье анализируется художественное языковое искусство М. Ауэзова на примере его первой части книги «Путь Абая». В настоящее время в словарях не представлен ни в каком виде такой термин как «языковое искусство», ни как словосочетание или выражение, идиома или стиль, архаизм, историзм или диалект.

Автор статьи акцентирует внимание на том, что сегодняшние слова в литературных текстах не понятны современным юным читателям, и что, в целом, классические произведения не имеют популярности среди современной молодежи. Вот почему, автор предлагает изучить эстетическое восприятие читателя на примере книги М.Ауэзова «Путь Абая» как художественном образце языкового искусства. По мнению автора, изучение данного произведения способствует идее становления социального и массового сознания. Это, в конце концов, должно стать началом активного изучения и широкого использования казахского языка.

Ключевые слова: язык, стиль, искусство, речь, литература, эстетик.

Abstract. The article analyzes the artistic language arts of M. Auezov on the example of his first part of the book «The Way of Abai». Currently, dictionaries do not present in any form such term as «language art», nor as a word combination or expression, idiom or style, archaism, historicism or dialect.

The author of the article emphasizes that today's words in literary texts are not understandable to contemporary young readers, and that, in general, classical works do not have popularity among modern youth. That is why, the author suggests studying the aesthetic perception of the reader on the example of M. Auezov's book «The Way of Abai» as an artistic example of linguistic art. According to the author, the study of this work contributes to the idea of the formation of social and mass consciousness. This, in the end, should be the beginning of active learning and wide use of the Kazakh language.

Key words: language, style, art, speech, literature, aesthetics.

М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының 1-кітабы (1945 ж.) және 2-кітабының (1952 ж.) көркемдігі кейінгі екі кітабының көркемдігінен асып түседі. Бұны осы екі кітапты қызыға оқытындардың саны мен оқығандардың жалпы пікірлері мен көзқарастарынан алып түюге болады. Оқу. Оқырман. Оқытындар. Әдебиет – визуалды құрал, яғни радио сияқты аудиалды немесе теледидар тәрізді аудиалды-визуалды құрал емес, газет-журнал сияқты тек визуалды құрал.

Автордың сөзбен салып отырған көркем суретін бір өзі жалғыз отырып қабылдайтын, оқу динамикасын өзі таңдайтын, яғни оқу ұзақтылығын да, жылдамдығын оқырманның өзі таңдай алатын құрал. Адамның перцептивті 5 сезім мүшесінің (көру, есту, дәмін білу, ұстау, иіскеу) алғашқысына салмақ түсіретін құрал. Бірақ бұл көру – теледидардан фильм көретіндей, көз алдындағы тұтас картинаны бір мезгілде қабылдайтын көру емес, әріпті сөзге айналдырып, сөздің мағына парадигмасындағы семаны сөйлем синтагмасына трансформация жасай отырып, еңбектеніп отыратын көру.

Сондықтан бүгінде мұндай «ауыр көруден» «жеңіл көруге» жағдай туып отырған 4-билік заманында жас ұрпаққа кітап оқыту мәселе болып отыр. Бұл мәселеге кінәлі көркем шығарманың көркемдігі десек, каламбур болар. Бірақ қателеспейтін болармыз. Көркемдік дегенде біз шығарма тілінің көркемдігін алып отырмыз.

«Изобразительной называют речь, способную вызывать конкретное представление, создавать яркие (зрительные, слуховые, вкусовые и др.) образы. Такая речь рождает эмоциональный отклик в душе читателя, сопереживание и поэтому лучше сохраняется в памяти» [1]. Ендеше шығарманы оқытатын да, оқытпайтын да көркемдік. Оқуға итермелейтін көркемдік адамды демалтады, гедонистік қызмет атқарады. Бір сәтке басқа жағдаятқа еніп, өзгеше сезімге бөленуге бастайды. Басқа

жағдаятқа ену үшін оқыған мәтінді картина көргендей көзге елестете алуың керек, елестету үшін, мәтінді түсінуің керек. Иә, түсіну керек деген сөз, түсініксіз болып тұр. Бірақ бүгінгі 21 ғасыр қазақ оқырмандары көркем шығармаларды оқиды, бірақ жағдаятқа ене алмайтын болды, өйткені бұл тіл шет тілі тәрізді, аударма қажет ететін тіл болып кетті. Нысанымызға қайта оралсақ. М.Әуезовтың «Абай жолын» оқымау әрі қазақтың, әр қазақ жасының ұятты ісі. Оқыту, бірақ қиын іс. Оның себебі оқиғаға бастайтын есікті ашу, мәтіннің тіліне үйрену жолы. Мәтіннің бәрі әдеби тіл дерміз. Әдеби тіл өміршең болу үшін, алдымен, сол тілдің тұтынушысы көп болу керек, олардың ішінде, проф. Н.Уәли айтқан, сол тілді қолданатын элитарлы топ, орта статистикалық топ, ортадан төмен топ болу керек [2].

Бірақ ең маңыздысы орта статистикалық топ барлық тілтұтынушының көп пайызын алу қажет. Екінші, функционалды стильдері толыққанды болуы шарт. Үшінші, тілдің жалпы таралымы біркелкі, барлығына бірдей түсінікті тіл болуы. Әдеби тілдің пайда болуы функционалды стильдердің толық құрамымен өлшенеді деген пікір бар. Оған салсақ, қазақ әдеби тілі тек 20 ғ. 30-40 жж. бастап қалыптасқан болып шығады. Сонда әдеби тілдің барлық стильдер жүгін 20ғ. басына дейін бір сөйлеу тілі стилі мен көркемсөз стилі арқалап келгенін байқаймыз. Сонда 20 ғ. басына дейін қазақта тұрмыстық сана, эстетикалық сана, әлеуметтік және кәсіптік сана болды деп ойлаймыз.

Мұндағы тұрмыстық сана қазіргідей жартыкеш ауызекі сөйлеу тілін тудырмаған. Бүгінде фразеологизм қатарында да саналмайтын, сөз тіркесі де болып табылмайтын кесек дайын үлгілерден тұрған. Сондықтан классикалық тұрақты тіркестер де осындай тұрмыстық сана қазанында қайнап барып, әдеби тіл кеңістігіне өткен. Сөйтіп, мақаланың нысаны 40ж жарық көрген «Абай жолының» 1 кітабындағы сөз орамдарға келдік. М.Әуезовтың «Абай жолы» романының бірінші кітабы қазақ ауызша әдеби тілі мен жазбаша әдеби тілінің тоғысқан аралығында хатқа түскен қазақтың дәстүрлі сөйлеу мәдениетінің үлгісі деп ойлаймыз: құрмалас сөйлем аз, жалаң, жайылма сөйлемдердің екінші бөлігі тұрақты сөз орамдарынан тұрады.

Мысалы, Құнанбай сезді де, енді жүйемен ұтпақ боп қуғынға салды. Мұндағы «жүйемен ұтпақ боп қуғынға салу» сол дәуірдің жаппай әлеуметтік санасы үшін ашық құрылым, бүгінгі ұрпақ үшін үшін жабық, кілттелген құрылым. Бұл құлыпталған сөйлемдердің кілтін табу, ашу ендігі лингвостилистика пәнінің міндеті болайын деп отыр.

Бұл оралымдар жазушының қалыпты сөз саптауы болған, сондықтан тұрақты сөздер сөздігінің реестріне фразеологиялық бірлік түрінде тіркелмеген, қазіргі ата буынның ғана санасында бар және тілінде сақталуы мүмкін оралымдар. Мысалы, Баж еткенмен ықтап кеткен сықылды деген сөйлемдегі ықтап кету деген тіркес малға қатысты,

боранды күні жел жоқ, сай, таудың ығын іздеп кеткен малға қатысты айтылатын тұрмыстық санадағы реалиі бар көріністі жазушы адамдар арасындағы сөзбен шарпысудағы қарсы шыға алмай, беті қайтып кетуді суреттейді. Малдың ықтауы туралы фреймі жоқ бала сөзден ықтауды қалай елестетуі мүмкін.

Сондықтан бүгінгі оқырман классикалық әдебиеттің бетін ашқанмен, кіре алмайды. «Тергеп алып, білгеніңді қыл» дегенді аяқтап келгенде әрқайсысы да бір-бір қайырған-ды» деген сөйлемде бір-бір қайыру әдетте әннің қайырмасына қатысты қолданылады, бұл трансформация тағы да қазақтың дәстүрлі шаруашылығы – мал шаруашылығынан – малды қайырудан келген. М.Әуезов Абай заманының дәстүрлі коммуникациясындағы бір қайыру, бір түйіндеу, қорыту мағынасында үшінші рет трансформация жасаған.

«Сүйіндік, Бөжей жағының ойы осы болса, Құнанбай да өз есебін алдын ала өзі өлшеген бетпенен ішіне ірікті. Жаңағыдан әрі жазылған жоқ» дегенде ішіне ірку сөздіктерде фразеологизм ретінде тіркеуге алынғанмен, осы тіркестің жалғасы жазылған жоқ бүгінде ешбір сөздіктің тіркеуіне сөз мағынасы ретінде де, тұрақты тіркес ретінде де алынбаған. Қазіргі әлеуметтік санада жазылып әңгіме айту деген ұғым бар.

Бұл дәстүрлі қазақ сөзінде бұрыннан ашылып сөйлеу мағынасында бар. «Ал ел айығып оңаша қалғанда, Барлас өз жырларына Асанқайғы, Бұхар жырау, Марабай мен Жанак, Шортанбай, Шөже, Сыбанбай, Балта, Алпыс ақын - бәрін қоса, өзі құрбы өзге ақындар айтқан жырларды термелеп кетеді». «Айығу»-дың қазіргі әдеби тілдегі мағынасы – «мастықтан айығу» ғана. Ал Әуезовтің қалыпты тіркес ретінде қоя салуына қарағанда «ел айығу» - бұл 30 жылдардағы сөйлеу дәстүрінде «ел кеткенде, ел аяғы басылғанда» деген мағынада еркін жұмсалымда болған. «Ей, менің балаларым, мына бала қонағың тартымды жатыр-ау өзі, ойлаймысыңдар?»- деп, жақсы жадырап, шын бейілденді».

Тартымды жатыр – жағымды, көңілден шықты мағынада екені мәнмәтіннен айқындала қалады. Бірақ ол тартымдылықтың «жатуы» табиғи тартымдылық екенін көрсетеді. «Құнанбай ауылдан қашаң отырса да, бұлардың қатты жүріп келгенін аттарының сонау алыстағы ажарынан байқап еді. Ажарынан байқау – қалыпты әдеби тілде әйел адамның бет-әлпетіне қарап аңғару мағынасында жұмсалса, Әуезов тілінде «аттың жүрісінен, жағдайынан байқау» мағынасында қолданылған. «Ол шешендіктен гөрі басқарақ түкпірі бар жан сияқты» Түкпірі бар – қыры, сыры, құпиясы бар мағынасында. «Сол кештен он шақты күн өткен шамада Құнанбайдың үлкен аулы Ақбайтал асуынан асып барып, Шыңғыстың сыртындағы Жігітек, Бөкенші жалауы болған Қопаның аузына қонды» сөйлеміндегі «аузына қонды»-ны «қай тұсына қонғаны» деп жоғары курс филолог студенттерден сұрағанымызда «жараның аузы» тіркесімен байланыстырып, «үстіне қонғаны» деген жауап айтты [3].

Сонда бүгінгі жастың ауыз сөзінде «сай, шатқал, өзектің басталар тұсы» мағынасы [4] барын білмегені. «Ертеңді-кеш қалың жиын, қарулы азамат Ұлжан, Айғыз үйлерін күндіз-түні басып жататын болды» сөйлеміндегі басып жату көбіне басып кету түрінде кездесетін еді, яғни қаптап кету, көп болу деген сынайда, ал басып жату – бұл күн құрғатпай басу, табандап жату мағынасында келген.

Ал «басында үкің жоқ деп қиғылық салады» – тырнақ астынан кір іздейді, не болса, соған тиіседі деген мағынада бүтін сөйлемді алып тұр: Әлі тұра тұр, басында үкің жоқ деп қиғылық салады. Сонымен, «Абай жолы» романының бірінші кітабындағы көркемдікті тілінен іздеп отырғандағы негізгі мақсат 20 жылдардағы қазақ ауызша әдеби тілі мен жазба әдеби тілдің аралығында хатқа түсіп үлгерген тіл шығарманың ата буынға және ара-тұра орта буынға оңай оқылатын, ал жас ұрпаққа қиындық келтіретін мәтін болып табылатындығында екенін айту болды. Бұл тұрақты сөз орамдары – бұрынғы қазақ сөз саптауында сөйлесіп отырғандар оңай түсінетін, әлеуметтік санасында бар, жинақы, ықшам, қолданыстағы бірліктер.

Бүгінгі біз үшін бұл кілттенген код болғанмен, ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары ашық код болды. Сондықтан мұндай тіл өткен ғасыр ғалымдарын қызықтырмады. Мысалға, «Абай жолының» тілін зерттеген профессор Е.Жанпейісов 1930 жылы туған. Ол бұл тіркестерді балалық шағынан естіп, бойына сіңіріп өскендіктен еркін тіркес ретінде қабылдайды. Одан кейінгі ХХ ғасырдың ортасындағы ұрпақ білсе де, өз тілінде пайдаланбағандықтан таңсық көреді. Кейінгі ХХІ ғасыр ұрпағы бұл тұрақты сөз орамдарын түсінбей, мағынасын сөздіктен іздеуге мәжбүр. Бүгінде бұл тіркестерді пайдаланып сөйлеген немесе шығармасына қосқан адамның сөзіне ерекше реңк береді. Ата буын ғалымдары бұл тұрақты сөз орамдарын ерекше тілдік қолданыс ретінде де есептемегендіктен сөздіктерде де жоқ, ауызша тіл мен көркем әдебиетте де қолданбаймыз.

Өйткені бұрынғы қазақ даласындағы тұрмыстық сана, қайталап айтайық, қазіргідей сөздің аяғын жұтатын, варваризм қоспаса көңіл көншімейтін, жүйесіз, жетесіз сөйленген ауызекі тілді тудырмаған. 80 жылдар, бертінге дейін қаймағы бұзылмаған көптеген қазақ ауылдарының қысқа, нұсқа, тапқырлық пен шешендікке құрылған сөйлеу тілі стилі арғы қазақ ауылдарының жұрнағындай. Сондықтан бұрынғы қазақтың тұрмыстық санасында әлеуметтік сана да, кәсіби сана да болған. Кәсіби сана қазақ кәсіпшілігінен шықты. Қазақта малшы, егінші, емші, жұлдызшы, ұста, күмісші, етікші, ерші, үйші, жылқышы, темірші, бүркітші, оташылық, бақалшалық, кірешілдік, арбакештік, тігінші...т.б. Әсіресе ата кәсіп – мал шаруашылығына байланысты кәсіби сананың жоғары болуы Әуезовтің қолданысындағыдай коннотативті, идиомалық

мағынадағы тіркестерді тудырған. Және ол абстракция әлеуметтік санаға түсінікті болған.

Әлеуметтік санадағы тілдік білім шешендік дау, шешендік би, шешендік сөздің олардың мағынасын шешуге көмектескен. Бұрынғы қазақтағы әлеуметтік сана би, батыр, елағасы, дала заңдары, шарият заңдары, жер дауы, жылқы, барымта, күн райы деген сияқты іргелі түсініктерден тұрған. Әлеумет осы "саясаттан" толық хабардар болғандықтан шешендік сөздерді оңай түсінген, мағына реңктерін емеуріннен түсінген, сондықтан жоғарыдағыдай сөз оралымдарсыз сөйлемеген деп болжаймыз. Ал бүгінгі қазақтың бірыңғай осындай әлеуметтік санасы болмағандықтан бұл секілді сөз орамдары өз мағынасында түсінілмейді. Басқа тілде сөйлегендей аударуды талап етеді. Сондықтан бүгінгі жастар көркем әдебиетті оқудан қалып барады. Өйткені ондағы ескі қазақтың сөз саптауы беймәлім кодтарға айналды. Театр қойылымдары көрерменін жинау үшін осы заманғы жастардың сөз саптауын тауып алды. Кино тілі сөйлеу тілімен қаруланғалы қашан !

Ескі сөздері көп көркем мәтін бөтен тілде жазылған шығарма болып шықты. Оны аударып беруіміз керек. Кітаптың орнына киносын, хаттың орнына «сообщение» жазуымыз керек. Көркем мәтіндердегі эстетикалық кілтке салынған сөйлемдер оқылмайды. Тілдік кодқа салынған сөйлемдер түсінілмейді.

Тарихи-мәдени кілттенген сөйлемдер жаттанды түсініледі. Көркем ойлау, өзге көрмегенді көру, басқа байқамағанды байқау, өзгелер жалпы қабылдайтын дүниені жалқы қабылдау, пернелеп қабылдау, өзгенің эмоциясын ояту қаймана қазақ сөзінің белгісі-тін. Қалың жұрттың эстетикалық санасы биік болған сайын қоғам да сауыға бастайды. Өзі қаралық қылған тірліктерінен ұялатын болады. Терең сезімдер арзан күлкіге айналған бүгінгі қоғамдық сана қауіпті. Сондықтан тоңмойын заманда эстетикалық санасы бар жастарды тәрбиелеу стилистика пәнінің міндеті деп ойлауымыз керек. «Кітап оқығандар теледидар көргендерді бәрібір басқарады».

Бүгінде амалсыз бөліп отырған орта статистикалық топ, ортадан төмен топ сияқты көркем мәтіннің екі жолын түсінсе, бір жолын түсінбейтін саналылар аз болған. Сондықтан ауызша әдеби тіліміз осы заманымызға жеткен. Ол – эстетикалық санасы жоғары топтың арқасында жеткен. Киіз үй, дастарқаны - сахна, көрермені - ауыл. Даласы мен төбесі құқықтық даулар шешілетін орын, Асы - шешендік даулар шешілетін жиын; қазақтың даласы эстетикалық сана мен әлеуметтік сананы осылай көтерген.

Қазақ мәдениетінде ұжымдық сананы қалыптастыру механизмі күшті жұмыс істеген. «Ағаңнан сұра», «ағаңмен ақылда», «ағаң не дейділер» жеке тұлғаның қадамын байлаған. Бірақ бұл елмен санасу,

осыдан келіп тыңдаушысын жоғары қою қалыптасқан. Мен екінші орында, жалғыз адам адам емес болған.

«Абай жолы» романының тілі жайлы көлемді еңбек жазған Е.Жанпейісов [5] алғашқы әңгімелерінің тілі жайында зерттеген [6] академик Р.Сыздық көркемсөз стилінің жетілуіне орайлы баға берді.

Р. Сыздықтың өз таптастыруына сай әдеби тіл – 1) ауыз әдеби тілі; 2) жазба алдындағы әдеби тіл; және 3) жазба әдеби тіл [7.] бір-біріне сабақтас, бірі бірінің құндағында тербелген тіл. Сол тербеліс «Абай жолының» әсіресе алғашқы кітабында айқын байқалады. Қайталап айтсақ, «Абай жолы» романының бірінші кітабы 20 жылдарғы ауызша әдеби тіл мен жазбаша әдеби тілдің аралығында хатқа түсіп үлгерген тіл деуге болады.

Біз көңіл аударған тұрақты сөз орамдары – бұрынғы қазақ сөз саптауында сөйлеушілер оңай түсінетін, барлығының санасында бар, ортақ қор, жинақы, ықшам қолданыстар. Сондықтан бұл мақаланы жазудағы негізгі ой ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы ауызша әдеби тілге тән қазақы, дәстүрлі сөз саптау үлгілері – тұрақты сөз орамдарына М.Әуезовтың «Абай жолы» романының бірінші кітабы бойынша алғаш рет назар аудартып, олардың контекстік мағынасын ашуға ұйтқы болу, ЖОО стилистика, тіл мәдениеті пәндерінен дәріс беретін оқытушыларды осы жолға шақыру болатын.

Іздену барысында М.Әуезовтің «Абай жолы» романында кілттенген тарихи-мәдени сөздер мен эстетикалық сөздердің мағынасын ашып, сөздігін жасауды ұйғарып отырмыз. Академик Р.Сыздық айтқан «Әуезов тілінің сөздігін жасау әлдеқашан күн тәртібіне қойылған, мақұлданған шаруаны» «өте күрделі, қиын. Үлкен жұмысты, бірақ істелуге тиісті шаруаны» бүгін жасамасақ кейін бұл тіркестер мағынасы күңгірт идиомаға айналады не болмаса қазақ әдеби тілі аударуды қажет ететін тілге айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: ф.ғ.д. дисс. – Алматы, 2007. – 348 б.
- 2 Әуезов М. Абай жолы. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2009. – 376 б.
- 3 Қазақ әдеби тілі сөздігі. 2 том. Алматы, 2011. – 742 б.
- 4 Жанпейісов Е. Абай мен Әуезов тіліндегі ортақ өрнектер // Жұлдыз. – №2. – 1964. – 5-11 б.
- 5 Сыздық Р. М.Әуезов тілін тану үшін; М.Әуезов және көркем проза тілі // Сөз құдіреті. – А:Атамұра, 2005. – 272 б.
- 6 Сыздық Р.С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.– 288 б.